

Астана қаласы әкімдігінің 2003 жылғы 22 шілдедегі N 3-1-1234қ "Жекелеген азаматтар санаттарына тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтыну шығындарының бөлігін төлеуге материалдық көмек көрсету туралы" қаулысына өзгерістер енгізу және олардың қолданылуының кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Астана қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 27 тамыздағы N 23-10-641қ Қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2005 жылғы 29 қыркүйекте N 412 тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 2 қарашадағы N 23-897қ қаулысымен

Ескерту: Астана қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 2 қарашадағы N 23-897қ қаулысынан Үзінді:

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Астана қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :

1. Астана қаласы әкімдігінің мынадай қаулыларының күші жойылды деп т а н ы л с ы н :

2) "Жекелеген азаматтар санаттарына тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтыну шығындарының бөлігін төлеуге материалдық көмек көрсету туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" "Астана қаласы әкімдігінің 2003 жылғы 22 шілдедегі N 3-1-1234қ Астана қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 27 тамыздағы N 23-10-641қ және олардың қолданылуының кейбір мәселелері туралы" (Астана қаласының Әділет департаментінде 2005 жылғы 29 қыркүйекте N 412 болып тіркелген, 2005 жылғы 13 қазандағы "Астана хабары", N 147, 2005 жылғы 11 қазандағы "Вечерняя Астана", N 156, газеттерінде жарияланған) қ а у л ы с ы ;

...

Ә к і м

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 30 желтоқсандағы N 3-1-1978қ "Астана қаласының жергілікті атқарушы органдарының кейбір мәселелері туралы" қаулысының негізінде, Астана

қаласының әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Астана қаласы әкімдігінің 2003 жылғы 22 шілдедегі N 3-1-1234к "Жекелеген азаматтар санаттарына тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтыну шығындарының бөлігін төлеуге материалдық көмек көрсету туралы" қаулысына (Астана қаласының Әділет басқармасында 2003 жылғы 6 тамызда N 285 болып тіркелген; "Астана ақшамы" газетінде 2003 жылғы 9 тамызда, N 105; "Вечерняя Астана" газетінде 2003 жылғы 9 тамызда, N 89 жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) жоғарыда аталған қаулыда:

пreamбуладағы "Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына" сөздері "Қазақстан Республикасының Заңына" сөздерімен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а ғ ы :

"Астана қаласының Еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау департаменті" сөздері "Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті" мемлекеттік мекемесі" сөздерімен ауыстырылсын;

3-тармақ алынып тасталсын;

2) жоғарыда аталған қаулымен бекітілген Жекелеген азаматтар санаттарына тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтыну шығындарының бөлігін төлеуге материалдық көмек көрсету Қағидасында (бұдан әрі - Қағида):

пreamбуладағы "Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына" сөздері "Қазақстан Республикасының Заңына" сөздерімен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"3. Жергілікті өкілдік органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдер" бағдарламасының әкімгері (бұдан әрі - Бағдарлама) "Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті" мемлекеттік мекемесі" (бұдан әрі - Департамент) болып табылады".

2. Жоғарыда аталған қаулы Қағиданың 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген тұлғаларға тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтыну шығындарының бөлігін төлеуге материалдық көмек көрсету бөлігінің қолданылуы 2005 жылғы 1 тамыздан бастап 2006 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары С.С. Мұстафинаға жүктелсін.

Әкім

Әкімнің бірінші орынбасары

Әкімнің орынбасары

Әкімнің орынбасары
Әкімнің орынбасары
Әкімнің орынбасары
Әкім аппаратының басшысы

Құжаттамалық сараптама
бөлімі меңгерушісінің

міндетін атқарушысы

"Астана қаласының Қаржы
департаменті" мемлекеттік
мекемесі директорының

міндетін атқарушысы

"Астана қаласының
Жұмыспен қамту және
әлеуметтік бағдарламалар
департаменті" мемлекеттік

мекемесінің директоры